

Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы қ.

10 тамыз 2023 жыл

KASE биржалық нарықтың 2023 жылдың шілдесіндегі жұмыс қорытындысын ұсынады

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE, Биржа) 2023 жылдың шілдесіндегі қызметтің негізгі қорытындылары туралы хабарлайды :

- KASE сауда-саттығының жиынтық көлемі 2023 жылдың шілдесінде 38,5 трлн теңгені құрады және маусым айына қатысты 28,4 %-ға немесе 8,5 трлн теңгеге өсті .
- Шілде айының қорытындысы бойынша KASE Индексінің мәні 2,9 %-ға өсіп, 3 707,73 тармақты құрады .
- Акциялар нарығын капиталдандыру 4,7 %-ға 23,9 трлн теңгеге дейін өсті, саудаланатын корпоративтік борыш көлемі 0,6 %-ға 13,0 трлн теңгеге дейін төмендеді .
- 2023 жылдың 01 тамызындағы жағдай бойынша KASE сауда-саттықтізімдерінде 223 эмитенттің 609 атаудағы мемлекеттік емес бағалы қағаздары болды .
- 2023 жылдың 01 тамызындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғалардың 683 мың дербес қосалқы шоттары болды.

ІС-ШАРАЛАР

"Эмитент күні" жобасы аясында KASE-де "Home Credit Bank" АҚ басшылығының Инвесторлармен және бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен "Инвестор күні. Облигациялардың жаңа шығарылымдары және Банктің қаржылық нәтижелері" тақырыбында кездесуі өтті.

АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

2023 жылдың шілдесінің қорытындысы бойынша акциялар нарығын капиталдандыру 23,9 трлн теңгені (53,7 млрд USD) құрады, бұл 1,1 трлн теңгеге немесе алдыңғы айдың осыған ұқсас көрсеткішінің 4,7 %-ға жоғары. Өсудің негізгі үлесі индекстік компанияларға олардың акцияларының бағаларын түзету арқылы келді.

Шілде айының соңында KASE сауда-саттықтізімінде 86 эмитенттің 100 атаудағы акциялар болды, оның ішінде үш эмитенттің үш атаудағы акциялары "Листингтік емес бағалы қағаздар" секторында айналысқа жіберілді.

Есептік айда Биржаның ресми тізімінен "North Caspian Petroleum" АҚ жай акциялары алынып тасталды.

Шілде айында акциялармен сауда-саттық көлемі 16,5 млрд теңгені құрап, маусымға қатысты 72,7 % немесе 6,9 млрд теңгені құрады. Бұл ретте мәмілелер саны 29,3 %-ға 68 903-ке дейін өсті. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 822,7 млн теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 3 445, бір мәміленің орташа көлемі – 238,8 мың теңгені құрады. Сауда-саттық тек қайталама нарықта өтті.

Инвесторлардың негізгі санаттарының ішінде жеке тұлғалардың үлесіне акциялармен жасалған мәмілелердің жалпы көлемінің 46,3 % тиесілі болды. Банктердің үлесіне 3,9 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 10,5 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 1,6 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 37,7 % тиесілі болды. Бейрезиденттердің үлесі 32,9 % құрады.

KASE ИНДЕКСИ

Шілде айында KASE Индексінің мәні 2,9%-ға өсіп, айдың соңына қарай 3 707,73 тармақты құрады.

Индекстік акциялармен мәмілелер көлемі 2023 жылдың шілдесінде 14,9 млрд теңгені құрады, бұл 2023 жылдың маусымындағы көрсеткіштен 68,0 %-ға немесе 6,0 млрд теңгеге жоғары. Сауда-саттықтың ең көп көлемі "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ-ның жай акцияларына – 11 134,0 млн теңгесі (индекстік акциялармен сауда-саттықтың жалпы көлемінің 75,0 %) тиесілі болды.

KASE өкілеттік тізіміне кіретін акциялар бағасының өзгеруі

Эмитент	Сауда-саттық коды	Бағасы, бір акцияға теңгемен			Сауда-саттық көлемі, млн теңге		
		01.08.23 ж.б.	01.07.23 ж.б.	Δ, %	шілде	маусым	Δ
Kaspi.kz АҚ	KSPI	42 016,00	37 400,00	+12,3%	366,6	151,8	+214,8
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	33 600,00	30 800,00	+9,1%	399,6	270,9	+128,7
"ҚазМұнайГаз" ҰК " АҚ	KMGZ	10 935,90	10 097,99	+8,3%	11 134,0	5 516,40	+5 617,6
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	686,98	679,97	+1,0%	44,4	132,7	-88,2
"Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ	HSBK	164,80	164,00	+0,5%	929,1	936,6	-7,5
"Кселл" АҚ	KCEL	1 899,97	1 900,00	-0,002%	335,0	44,1	+291,0
"KEGOC"АҚ	KEGC	1 568,55	1 573,93	-0,3%	62,2	71,8	-9,6
"ҚазТрансОйл" АҚ	KZTO	824,96	842,85	-2,1%	782,1	1 269,40	-487,2
"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК " АҚ	KZAP	12 257,32	13 096,82	-6,4%	801,2	449,4	+351,8

Шілде айының қорытындысы бойынша өсім көшбасшысы Kaspi.kz АҚ-ның жай акциялары болды, олар 12,3 %-ға өсті. Жарияланған қаржылық нәтижелер аясында компания компанияның 2023 жылдың екінші тоқсанындағы кірісі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 51 %-ға өскенін хабарлады. Жыл соңына дейін кірістің өсуі бойынша болжам 25 %-дан 30 %-ға дейін өсті. 100 миллион долларлық ЖДҚ-ның бесінші кері сатып алу бағдарламасы жарияланды. Бір акцияға 750 теңге деңгейінде тоқсандық дивиденд ұсынылды. айының соңында Kaspi.kz акциясының бір дана үшін 40 мың теңге белгісінен өтіп, 2022 жылдың қаңтар деңгейінде саудаланды.

Бір айда өсу қарқыны бойынша 9,1 % нәтижесімен екінші орынды "Қазақтелеком" АҚ жай акциялары көрсетті. Көшбасшылар үштігін "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ-ның 8,3 %-ға өскен акциялары жабады. Халықаралық нарықта Brent маркалы мұнай фьючерстері бір айды аяқтап, барреліне 75,41 доллардан 84,69 долларға дейін көтерілді.

"ҚазТрансОйл" АҚ-ның жай акциялары да айдың басында өсуге көшті, алайда шілде айының соңына қарай түзетіліп, 2,1 %-ға төмендеумен жабылды. Компания 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында операциялық нәтижелерді жариялады: магистральдық мұнай құбырлары жүйесі бойынша мұнай тасымалдау көлемі 6,5 %-ға өсті, ал шоғырландырылған жүк айналымы 0,9 %-ға төмендеді.

"Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ жай акцияларының бағасы 6,4 %-ға төмендеді. Шілде айының басында компания жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар шеңберінде белгіленген өндіру деңгейімен салыстырғанда 2023 жылы уран өндірісін 20 %-ға төмендету жоспарлары туралы хабарлады. Кейінірек 2024 жылы тағы 10 % төмендегенін жарияланды. "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ түсіндіргендей, өндіріс көрсеткіштерінің төмендеуі негізгі материалдардың, оның ішінде күкірт қышқылының тапшылығына байланысты болды.

"KASE GLOBAL" СЕКТОРЫ

2023 жылдың шілде айының соңында "KASE Global" секторындағы Биржаның сауда-саттықтізімдерінде 44 атаудағы және шетелдік эмитенттердің 14 ETF акциялары болды.

KASE Global секторындағы сауда-саттық көлемі шілдеде 10,5 млрд теңгені құрады және маусымға қатысты 8,5 есе немесе 9,3 млрд теңгеге өсті. Бұл ретте мәмілелер саны 13,9 %-ға 5 163-ке дейін өсті. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 524,7 млн теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 258, бір мәміленің орташа көлемі – 2 032,6 мың теңгені құрады.

Айдың қорытындысы бойынша мәмілелердің ең көп көлемі келесі акцияларға түсті :

- Johnson & Johnson – жалпы сомасы 4 696,1 млн теңгеге 74 мәміле ;
- Apple Inc. – жалпы сомасы 3 934,2 млн теңгеге 378 мәміле .
- Microsoft Corporation – жалпы сомасы 1 002,9 млн теңгеге 87 мәміле;

Инвесторлардың негізгі санаттары арасында брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 28,3 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 20,1 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 45,4 %, жеке тұлғалардың үлесіне – мәмілелердің жиынтық көлемінің 6,2 % тиесілі болды. Бейрезиденттердің қатысуы 0,2 % құрады.

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

2023 жылдың шілдесінде айналыстағы корпоративтік борыш көлемі 0,6 %-ға немесе 72,5 млрд теңгеге 13,0 трлн теңгеге (29,2 млрд USD) дейін төмендеді.

2023 жылдың шілде айының соңында KASE ресми тізімінде 89 эмитенттің 368 корпоративтік облигациялар шығарылымы болды. 2023 жылдың шілдесінде KASE ресми тізіміне жеті эмитенттің корпоративтік облигацияларының он шығарылымы (екі жаңа) енгізілді: "Home Credit Bank" АҚ үш шығарылымы, "ҚазАгроҚаржы" АҚ екі шығарылымы және "Тойота Файнаншл Сервисез Қазақстан "МҚҰ" ЖШС, "Bereke Bank" АҚ және "RG Brands" ЖШС бір шығарылымы Kazakhstan", **"Вивус" Микроқаржы ұйымы" ЖШС және "ID Collect (АйДи Коллект)" коллекторлық агенттігі" ЖШС.**

2022 жылдың шілдесінде KASE ресми тізімінен үш эмитенттің корпоративтік облигацияларының үш шығарылымы алынып тасталды: "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ және "Кредит Time" МҚҰ" ЖШС бір шығарылымы бойынша айналым мерзімінің аяқталуына байланысты және "СиСиЛоун.кз" МҚҰ" ЖШС корпоративтік облигацияларының бір шығарылымы – олардың жойылуына байланысты.

"Онлайн Қазқаржы МҚҰ" АҚ облигацияларының 11 шығарылымы баламалы алаңның "облигациялар" және "коммерциялық облигациялар" санаттарынан KASE ресми тізімінің негізгі алаңының тиісті санаттарына ауыстырылды.

KASE_BMY корпоративтік облигацияларының кірістілік индексінің мәні 2023 жылдың шілдесінде 8 базистік тармаққа өсіп, жылдық 14,08 %-ға жетті.

KASE корпоративтік облигациялармен сауда-саттық көлемі маусымға қатысты 51,7 %-ға немесе 98,1 млрд теңгеге 91,8 млрд теңгеге дейін төмендеді. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 4,6 млрд теңгені (қайталама нарықта – 2,7 млрд теңге), мәмілелердің орташа күндік саны – 191 мәмілені (қайталама нарықта – 183 мәмілені), бір мәміленің орташа көлемі – 24,0 млн теңгені (қайталама нарықта – 14,7 млн теңге) құрады.

2023 жылдың шілдесінде корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығының көлемі 37,8 млрд теңгені құрады, бұл 2023 жылдың маусымындағы көрсеткіштен 73,5 %-ға немесе 105,1 млрд теңгеге төмен:

- "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ өтеуге орташа алынған кірістілігі жылдық 15,15–15,25%-бен және өтеуге дейінгі мерзімі бір жылдан үш жылға дейінгі облигациялардың екі шығарылымын орналастыра отырып, 24,6 млрд теңге тартты;
- "ҚазАгроҚаржы" АҚ жеті жылдық облигацияларды жылдық 19,25 %-бен орналастырып, 8,2 млрд теңге тартты;

- "Home Credit Bank" АҚ жылдық үш жылдық облигацияларды өтеуге кірістілігі 18,00 %-бен орналастыра отырып, 2,9 млрд теңге тартты ;
- "Онлайн ҚазҚаржы Микроқаржы ұйымы" ЖШС жылдық өтеуге кірістілігі 21,50 %-бен және өтеуге дейінгі мерзімі 1,9 жыл әлеуметтік облигацияларды орналастыра отырып, 1,8 млрд тартты .

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында банктердің үлесі – 62,2 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың – 0,3 %, басқа институционалдық инвесторлардың – 25,1 %, өзге заңды тұлғалардың – 6,9%, жеке тұлғалардың – 5,6 % құрады. Корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығындағы бейрезиденттердің үлесі 0,4 % құрады.

Облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі 2023 жылдың маусымына қатысты 14,8 %-ға немесе 7,0 млрд теңгеге 54,0 млрд теңгеге дейін өсті.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде корпоративтік облигациялардың қайталама нарығында банктердің үлесі – 22,4 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың – 11,5 %, басқа институционалдық инвесторлардың – 14,1 %, өзге заңды тұлғалардың – 44,8%, жеке тұлғалардың – 7,1 % құрады. Бейрезиденттердің үлесі 5,1 % құрады.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ)

KASE-де саудаланатын номинал бойынша мемлекеттік борыш сомасы 25,4 трлн теңгені (57,0 млрд USD) құрап, шілде айында 2,1 %-ға немесе 529,8 млрд теңгеге өсті.

KASE-дегі МБҚ сауда-саттығының жиынтық көлемі 985,2 млрд теңгені құрады және маусымға қатысты 39,4 %-ға немесе 639,7 млрд теңгеге төмендеді. 2023 жылдың шілдесінің қорытындысы бойынша сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 49,3 млрд теңгені (қайталама нарықта – 17,2 млрд теңге), мәмілелердің орташа күндік саны – 26 (қайталама нарықта – 19), бір мәміленің орташа көлемі– 1,9 млрд теңгені (қайталама нарықта – 0,9 млрд теңге) құрады.

МБҚ бастапқы нарығындағы сауда-саттықкөлемі 49,2 %-ға немесе 620,9 млрд теңгеге 641,6 млрд теңгеге дейін төмендеді. Оның 35,5 млрд теңгесін үш облыстың және Астана және Шымкент қалаларының әкімдіктері (мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде көзделген іс-шараларды қаржыландыру мақсатында) тартты. Қаржы министрлігі орташа алынған кірістілігі жылдық 11,60-14,70 % және өтеу мерзімі бір жылдан 13,6 жылға дейінгі облигацияларды орналастыра отырып, 606,1 млрд теңге тартты.

Бастапқы нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде банктердің үлесіне – 51,1 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың – 0,1 %, басқа институционалдық инвесторлардың – 42,6 %, басқа заңды тұлғалардың – 6,2 % тиесілі болды. МБҚ бастапқы нарығындағы бейрезиденттердің үлесі 0,1 % құрады.

Қайталама нарықтағы сауда-саттықкөлемі 5,2 %-ға немесе 18,8 млрд теңгеге төмендеп, 343,7 млрд теңгені құрады. Қайталама нарықтағы Ұлттық Банк ноталарымен сауда-саттық– саттық үлесі сауда-саттық– саттықтың жалпы көлемінен 44,6% немесе 153,3 млрд теңгені, МЕКАМ үлесі- 48,5% немесе 166,7 млрд теңгені, Қазақстан Республикасы еурооблигацияларының үлесі-0,2% немесе 669,6 млн теңгені құрады. 6,7% немесе 23,1 млрд теңгені құрайтын қалған көлем шет мемлекеттердің МБҚ-мен (АҚШ, Түркия және Австрия республикалары Қаржы министрлігінің облигациялары) мәмілелерге келді.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде банктердің үлесіне – 48,7 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 4,3 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 2,3 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 44,4%, жеке тұлғалардың үлесіне – 0,3 % тиесілі болды. Резидент участистердің қатысуы 0,1 %-ға бағаланады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ (МҚҰ) ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ

Шілде айының соңында KASE сауда-саттықтізімінде бес халықаралық қаржы ұйымының 54 облигациялар шығарылымы болды: Азия даму банкінің 11 шығарылымы, Еуразиялық даму банкінің 26 шығарылымы, Еуропалық Қайта Құру және даму банкінің 14 шығарылымы,

халықаралық қаржы корпорациясының екі шығарылымы және жеке секторды дамыту жөніндегі Ислам корпорациясының бір шығарылымы.

2023 жылдың шілдесінде "Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары" секторына Еуразиялық Даму Банкі облигацияларының бір шығарылымы енгізілді.

Есепті айда сауда-саттықтың барлық көлемі қайталама нарыққа келіп, бір ай бұрын 5,1 млрд теңгеге қарағанда 5,4 млрд теңгені құрап, 0,3 млрд теңгеге немесе 5,8 %-ға ұлғайды. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 271,9 млн теңгені, бір мәміленің орташа көлемі 247,2 млн теңгені құрады.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының қайталама нарығында 14,9 % – банктердің үлесіне, 0,8 % – брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне, 32,7 % – басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне, 50,8 % – басқа заңды тұлғалардың үлесіне, 0,8 % – жеке тұлғалардың шоттарына тиесілі болды. Қаржы ұйымдары сауда-саттыққа қатысқан жоқ.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ ПАЙЛАРЫ

2023 жылдың 01 тамызында "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында бес басқарушы компания басқаратын 18 пай қорларының құралдары және алты ETF болды.

Есептік айда сауда-саттық көлемі 312,6 млн теңгені құрады және 2023 жылдың маусымына қатысты 61,8 %-ға немесе 504,9 млн теңгеге төмендеді. Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 49,4 % жеке тұлғалардың шоттарына, 29,2 % – брокерлік-дилерлік ұйымдарға, 21,5 % – басқа заңды тұлғаларға тиесілі болды. Бейрезиденттердің үлесі 0,1 % құрады.

ТУЫНДЫ ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАР

2023 жылдың 01 тамызындағы жағдай бойынша KASE ресми тізімінде бес шығарылымның жаһандық депозитарлық қолхаттары (ЖДҚ) болды, олардың базалық активтері "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ, "Қазақстан Халық Банкі" АҚ, "Қазатомөнеркәсіп" АҚ, Kaspi.kz АҚ, "Қазақтелеком" АҚ және "ForteBank" АҚ жай акциялары болып табылады.

2023 жылдың шілдесіндегі сауда-саттық көлемі 37,3 млн теңгені құрады және 2023 жылдың маусымына қатысты 45,6 %-ға немесе 31,3 млн теңгеге төмендеді. Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 57,5 % жеке тұлғалардың шоттарына, 39,4 % – брокерлік-дилерлік ұйымдарға және 3,1 % – басқа заңды тұлғаларға тиесілі болды.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ ШОТТАРЫ

2023 жылдың 01 тамызындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғалардың 683 мың дербес қосалқы шоттары болды. Мамыр айының қорытындысы бойынша жеке тұлғалар 1 мыңнан астам жаңа дербес қосалқы шоттарын тіркеді.

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫ НАРЫҒЫ

Ағымдағы жылдың шілде айында KASE шетел валюталары нарығындағы сауда-саттыққа KASE 30 мүшесі қатысты.

Шетел валюталары нарығындағы сауда-саттық көлемі маусымға қатысты 30,0 %-ға 3,0 трлн теңгеге дейін өсті. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 110,2-ден 150,5 млрд теңгеге дейін ұлғайды, мәмілелердің орташа күндік саны 481-ден 692-ге дейін өсті, бір мәміленің орташа көлемі 228,9-дан 217,4 млн теңгеге дейін төмендеді.

Төмендегі кестеде KASE-де саудаланатын валюта жұптарының негізгі сипаттамалары келтірілген (жақшада көрсеткіштің алдыңғы айға қатысты өзгеруі көрсетілген, бағамның өзгеруі шетел валютасының теңгеге орташа сараланған биржалық бағамының номиналды өзгерісін көрсетеді).

Жұп	Көлемі, валютаның млн бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәміле- лер саны	Базалық валютаның бірлігіне баға белгіленетін валютаның мин. және макс бағамы	Маусым айының соңындағы бағам (өзг.%)
USD/KZT	3 191,3 (+14,0 %)	47,1 % (-7,2 %)	10 204 (+3 295)	439,04-450,95	445,89 (-1,4 %)
RUB/KZT	22 439,0 (-24,1 %)	3,7 % (-3,2 %)	2 594 (+266)	4,8200-5,1500	4,8636 (-5,1 %)
CNY/KZT	733,4 (x2,5)	1,5 % (+0,7 %)	157 (+22)	61,0800-62,5900	62,3500 (-0,4 %)
EUR/KZT	103,7 (+20,6 %)	1,7 % (-0,1 %)	475 (+133)	482,29-502,76	491,49 (-0,9 %)
EUR/USD	2 474,5 (+65,1 %)	40,5 % (+8,8 %)	268 (-52)	1,0874-1,1255	1,1020 (+1,5 %)
USD/CNY	369,2 (+58,7%)	5,5 % (+0,9%)	146 (+69)	7,1353-7,2545	7,1475 (-1,6 %)

АҚША НАРЫҒЫ

Ақша нарығындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі шілдеде 34,4 трлн теңгені құрады және маусымның көрсеткішіне қатысты 33,1 %-ға немесе 8,5 трлн теңгеге өсті.

05 шілдеде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-несие саясаты комитеті базалық мөлшерлемені жылдық 16,75 % деңгейінде +/- 1,00 п. т. пайыздық дәлізбен қалдыру туралы шешім қабылдады, тиісінше өтімділікті беру бойынша тұрақты қол жеткізу операциялары бойынша мөлшерлеме 17,75 %, өтімділікті алу бойынша тұрақты қол жеткізу операциялары бойынша – 15,75 % құрады.

Мәмілелер көлемі арқылы орташа сараланған мәнді білдіретін, MM_INDEX ақша нарығының композиттік индикаторы USD/KZT валюталық своп операциялары және бір жұмыс күні ашылған МБҚ-мен автоматты репо операциялары бойынша кірістілік мәні жылдық 17,60 %-дан 16,96 %-ға дейін 64 п.т. төмендеді.

РЕПО ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

Репо операцияларының жиынтық көлемі шілде айында 30,8 трлн теңгені құрады, бұл маусым айындағы көлемнен 8,8 трлн теңгеге немесе 40,2 %-ға жоғары. Орташа күндік мәнде операциялар көлемі 1 044,7-ден 1 538,0 млрд теңгеге дейін, мәміленің орташа көлемі – 795,6 млн теңгеден 1 086,9 млн теңгеге дейін, мәмілелердің орташа күндік саны – 1 313-тен 1 415-ке дейін өсті.

МБҚ-мен авторепо операцияларының көлемі 25 444,5 млрд теңгені немесе 82,7 %, ББҚ-мен авторепо – 5 314,1 млрд теңгені немесе 17,3 %, ББҚ-мен тікелей репо – 2,0 млрд теңгені немесе 0,01 %, МБҚ-мен тікелей репо – 23,0 млн теңгені немесе 0,01 % - дан азды құрады.

Шілде айының соңына қарай TONIA индикаторы (МБҚ қоржынының бағалы қағаздарымен автоматты репо секторында Биржада жасалған бір жұмыс күні мерзімге репо ашу мәмілелері бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлеме) жылдық 17,61 %-дан 17,00 %-ға дейін 61 б. т. төмендеді.

TRION индикаторы (Биржа орталық контрагенттің қызметтерін пайдалана отырып, клирингтік қызметті жүзеге асыратын МБҚ қоржынының бағалы қағаздарымен Биржада бір жұмыс күні ішінде жасалған репо ашу мәмілелері бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлеме) сондай-ақ жылдық 17,54 %-дан 17,01 %-ға 53 б.т. төмендеді.

TWINA индикаторы (Биржа орталық контрагенттің қызметтерін пайдалана отырып клирингтік қызметті жүзеге асыратын МБҚ қоржынының бағалы қағаздарымен Биржада жасалған жеті жұмыс күні мерзімге репо ашу мәмілелері бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлеме) 45 б.т.-қа жылдық 17,16 %-дан 16,71 %-ға дейін төмендеді.

ВАЛЮТАЛЫҚ СВОП ОПЕРАЦИЯЛАРЫ

Шілде айында валюталық своп операцияларының жиынтық көлемі 3,6 трлн теңгені құрады, бұл маусым айындағы көлемнен 0,3 трлн теңгеге немесе 7,1 %-ға төмен. Операциялардың орташа күндік көлемі 184,8-ден 180,3 млрд теңгеге дейін төмендеді, күнделікті жасалған мәмілелердің орташа күндік саны 15-тен 18-ге дейін ұлғайды, мәміленің орташа көлемі 12,1-ден 10,2 млрд теңгеге дейін төмендеді.

Қаржы құралдарының құрылымында 3 606,2 млрд теңге, своп сауда-саттығының барлық дерлік көлемі USDKZT своптарына, 1,0 млрд теңге немесе 0,01 %-дан азы – EURKZT-ке келді.

USDKZT жұбында своптармен сауда-саттықтың жалпы көлемінің 14,2 %-ы (510,6 млрд теңге немесе 1 149,8 млн USD) бір күндік валюталық своппен (USDKZT_0_001) мәмілелерге, своптармен сауда-саттықтың жалпы көлемінің 84,9 %-ы (3 060,0 млрд теңге немесе 6 885,5 млн USD) екі күндік валюталық своппен мәмілелерге (USDKZT_0_002), апталық валюталық своппен (USDKZT_0_01W) мәмілелерге своптармен сауда-саттықтың жалпы көлемінің 1,0 % (35,5 млрд теңге немесе 80,0 млн USD) құрады.

EURKZT жұбында барлық көлем (97,2 млн теңге немесе 200 мың EUR) бір күндік валюталық своппен (EURKZT_0_002) мәмілелерге келді.

Шілде айының соңында SWAP-1D (USD) бір күндік долларлық своптың кірістілігі жылдық 14,55 % құрады және шілде айында 235 б.т. төмендеді, бір айда SWAP-2D (USD) екі күндік валюталық своптың кірістілігі 108 б. т.-ғ жылдық 14,90 %-ға дейін төмендеді.

ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ

Қазіргі уақытта биржалық нарықтың осы секторында АҚШ долларының теңгеге бағамына, Ресей рублінің теңгеге бағамына, KASE Индексіне, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ және "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ жай акцияларына жеткізілімсіз фьючерстер саудаға қолжетімді.

KASE Индексіне фьючерстер бойынша шілде айында "NGDEM Finance" АҚ KASE маркет-мейкер мәртебесіне ие болды. "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ жай акцияларына фьючерстер бойынша маркет-мейкердің міндеттерін "Halyk Finance" АҚ орындайды.

Шілде айында туынды құралдар нарығында 3,5 млрд теңге сомасына Ресей рублінің теңгеге бағамына фьючерстермен бір мәміле жасалды. 01 тамызда деривативтер нарығындағы сауда-саттыққа қатысушылардың ашық позициялары 700 мың фьючерсті құрады.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржалары арасында екінші және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша төртінші орында.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы. KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржалары тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.